

Куәгердің баяндамасы

Гүлзира Ауылқанқызы

Қорытынды

Куәгер 2017 жылдың шілдесінде Қорғас шекара бекетінен Қытайға өтер жолда тұтқынға алынған. Ол 437 күн бойы төрт түрлі нысанда қамауда болған. 2017 жылдың шілдесінен қарашасына дейін Иниң аймағының Мамандандыру мектебінде тұтқында өмір сүрген. Сол жерге кіре салған сәтте денесіне әлдебір сұйықтық салынып, қан сараптамасы алынған. Оған екпенің тұмауға қарсы екпе екені айтылып, оны салдыру үшін мәжбүрлі түрде келісімшартқа қолын қойдырған. Екпе оның сезім мүшелерінің жұмысын нашарлатып, ойлауын тежеген. Ол сол екпені алған көп әйелдің етеккірі болмағанын байқаған. Оған қоса, екпе куәгердің етеккір мерзімінің бұрынғыдай 3-5 күн емес, 14 күнге дейін созылуына душар еткен. Және куәгерге белгісіз дәрілерді күштеп ішкізген.

Лагерге келгелі 10 күн болғанда, оны емханадағы медициналық тексеруге алып барған. Куәгерге ультра дыбыстық сканерлеу мен қан алу секілді медициналық талдау жұмыстарын жасаған. Бірақ бұның бәрі не үшін жүргізіліп жатқаны және нәтижесі қандай болғаны жайлы оған ешқашан айтылмаған.

2017 жылдың қарашасында оны басқа лагерге алып барған. Оны доңыз етін жеуге мәжбүрлеген. Егер тұтқындар қарсылық танытса, оларды кісендеп, қамап тастаған. Бұл лагерьде ерлі-зайыпты жұптардың кездесуіне рұқсат берілген. Күйеулері жақын жерде тұратын әйелдерді сол күйеулерімен айына бір рет 2 сағатқа күштеп көрістірген. Күйеулерін көрмес бұрын әйелдерге дәрі беріліпті. Тіпті егде жастағы әйелдердің де күйеулерімен екі сағат бойы жатуына тура келген. Куәгердің басқа бір кісіден естуінше, некелік кездесу алдында ерлерге әлдебір сынамалар жасалыпты.

Кейде түнгі уақытта тұрмыс құрмаған, ажырасқан немесе жесір қалған әйелдерді де алып кетеді. Оларды төсекке таңып байлап, зорлаған. Кейбірі сол кеткеннен қайтып келмеген. Куәгер перденің қасында отырып, зорлауға алып бара жатқан әйелдің аты мен саусақ іздерін алуға міндеттелген. Ол әйелдердің киімін шешуге көмектесіп, қолын кісендеген. Зорлау аяқталған соң, куәгер зорланған әйелді суға түсуге апарып тұрған. Сол бөлмеге кірген барлық еркектер Хән (Хань) Қытай ұлтынан еді. Олар сол жерде не болып жатқанынан еш ұялмайтын. Тіпті әйелдерге «ешкім құтқара алмайтынын» айтудан да тайсалмайтын.

2018 жылы қамаудан босатылған соң, куәгерді Құлжа елдімекеніне апарған. Куәгерге және басқа әйелдерге арнап бір шара өткізілген. Оларға қайта тәрбилеу лагерьлері жайлы жақсы пікірлерді күштеп айтқызыған. Жергілікті тұрғындарға сол әйелдер өздерінің «жетістіктері» туралы және қаншалықты білімді бола түскені жайлы айтуларына тура келген.

Гүлзира Ауылқанқызы

1. Менің атым Гүлзира Ауылқанқызы. Мен 1979 жылы 29 маусымда Шыңжаңның Құлжа қаласында дүниеге келгем. 2014 жылы Қазақстанға көшіп бардым. 2017 жылы Қазақстанның жасыл картасы және Қытай паспортымен он айлық қызымды көру үшін Шыңжаңға қайтып бардым. 2017 жылдың 17 шілдесінде Қытайға өтетін Қорғас шекара бекетінде тұтқындалдым. Паспортымды тартып алды. Бір топ полиция қызметкерлері паспортымды бермей, енді Қазақстанға бара алмайтынымды айтты. Себебін айтпады. Жергілікті полиция мені тергеуге алып кетті. Сол жерден 50 миль қашықтықтағы туған ауылыма алып барды. Жол өте ұзақ болды. Көлікте отырып жыладым. Олар жыламауымды бұйырды. Содан мені жездемнің үйіне тастап кетті.
2. Келесі күні таңертең жергілікті полиция бөлімшесіне баруым керек болды. Құлжаның Долан Фермасының Төртінші бөлімінің бастығымен (майорымен) жолығып, паспортымды сұрадым. Ұйғыр еркек кісі қарсы болып, 15 күндік оқуға баратынымды айтты. Мен өлгелі жатқам әкемді көрем бе деп үміттенгем, бірақ майор маған «уайымдама, тек 15 күн ғана боласың» деді. Содан жездемнің үйіне барып, киім-кешегімді алып келейін деп сұрансам да, қарсы болды. Кеңседен бірден лагерьге апарып тастады.
3. Лагерьге кіріп жатқанда маған киім берілді: қызыл шолақ жең жейде, қара шалбар, және спорттық аяқ киім. Сосын олар менің шашымды қысқа қылып қиып, екпе салып, қан сараптамасын алды. Анда-санда солай қан талдамаларын алып тұрды. Не үшін екен білмедім. Білетінім екпенің тұмауға қарсы екендігі, және бағасы 250 йуән (юань). Олар мені күштеп, екпе алуға келісімімді алды да, денеме екпе салып жіберді. Үш күн бойы ыстық су берді. Екпе менің сезуімді жоғалтқандай болды. Оған дейін уақытымды негізінен қызымды сағынумен өткізсем, екпе алған соң асқазанымды ғана ойладым. Ойланудың өзі қиын болды. Екпе алған соң, бір аптадан кейін кездесу болып, олар маған «Әзірге ештеңе білмейсің. Бір жарым жылдан соң, екпенің нәтижесі көрінеді» деді. Екпеден соң көп әйелдің қалыпты етеккірі тоқтады. Менде де солай болды. Қазір менің кезеңім 14 күнге созылады, бұрын 3-5 күн еді. Менің балаларым бар, бірақ лагерьден шыққан соң ешқашан жүкті бола алмаймын. Олардың бір жарым жылдан соң көресің деген нәтижесі осыны меңзегені болар. Өзімді нашар сезінемін. Күшім жоқ. Ылғи шаршап тұрам. Қатты басым аурады. Бізге сол жерде мәжбүрлі түрде белгісіз дәрілерді ішкізетін.

4. Осылайша мен өзімнің 15 күн емес бір жыл бойы «қайта тәрбиелеуде» болатынымды білдім. Мен оларға шетелге шығуға рұқсатымның бар екенін айтып түсіндіргім келсе де, олар мән бермеді. Маған «сен Қытай азаматы болған соң, осылай ұстап қалуға хақымыз бар» деп айтты. Лагерь ішінде әркім өзін таныстырып, қылмыстарын мойындауы тиіс. Мысалы, мен «лагерьде Қазақстанға барғаным үшін отырмын» дедім. Олар менен Қазақстанда туыстарым бар ма, сол жақтың қарулы күштерінде, сот жүйесінде, түрмесінде туысқандарым бар ма, қанша балам бар деп сұрады. Әсіресе, менің ағама неліктен Самедин деген діни есім берілгенін сұрады. Олар көп сұрақ қойып, жауаптарымды жазып отырды. Лагерьде сол бір сұрақтарды қайталап қоя беретін. Менің өзім тұтқында болғанымда 19 рет тергеуде болдым. Лагерьде қазақтар көп болатын. Бір кезде маған күзет қызметкері Қазақстанның «ең қауіпті» 26 елдің қатарында екенін, ол жаққа баруға болмайтынын айтты. Мен лагерьдегі қазақтардан тұтқындалуының себебін сұрағанда, Қазақстандағы туысқандарына барғаны үшін, шетелмен телефон арқылы сөйлескені үшін ұсталғанын айтты.
5. Мен сол Иниң аймағындағы Біліктілік арттыру Мектебінде, яғни «қайта тәрбиелеу ғимаратында» 2017 жылдың шілдесі мен қарашасы арасында болдым. Бұл тек бастамасы ғана еді. Меніңше, сол лагерьде 800 әйел болды. Күзетшілерден басқа еркек болмады. Күзетшілер әйелдер болды, бірақ олардың үстінен қарайтын бастықтары еркектер еді. Әр дәрісханада 50 әйел, 3 мұғалім, 2 күзетшіден болдық. Әр бөлмеде камералар бар. 24 сағат бойы әр бұрыштан түсіріп тұрады. Біз қытай тілін күн сайын 45 минут бойы оқыдық. Бізді күштеп «Мен Қытайды сүйемін», «Мен Ши Жинпинді (Си Цзинпиньді) сүйемін» деген сөздерді айтқызыды. Оған қоса, Ши Жинпин (Си Цзинпинь) туралы ойларымызды, алғысымызды түгел жазуға мәжбүрледі. Жазғандарымызды аптасына бір рет тексеретін. Сынақтан өтпесек, «өмір бойы сол лагерьде қаласыңдар» деп айтатын. Біздің негізгі мақсатымыз Қытай тілін үйрену дейтін. Одан соң, үкіметке қызмет ету сияқты жақсы жұмысың болады дейтін. Бірақ біз үшін ол сандырақ еді.
6. Лагерьде қора не лашық секілді ұзын бөлмеде бірге өмір сүрдік. Әр ұзын бөлмеде 33 әйел жататын. Әр таң сайын әскердегідей 3 минут ішінде төсегімізді бырыстырыссыз жинап қоюымыз керек еді. Лагерьде күзетшілер бізді аямады, аяқ-қолы сал адамдарды да ұрып-соғатын. Менімен бір бөлмеде жатқан Зайнұра есімді әйелдің осындай жазалардан соң дәрісханаға бара алмай қалған хәлін де көргенмін. Кейде біз бөлмелерімізді ауыстырып басқа бөлмеде жатып тұрдық. Біреуінде дәрісхана бар болса, екіншісінде жоқ болып, дәретке шелекке баруға мәжбүр болдық. Түнде тіпті бір-бірімізбен сөйлесуге де болмайтын еді. Егер инспекторға жинаған төсегім ұнамаса, ол көрпе жастығымды алып, бұрыштағы дәретхананың ішіне лақтырып жіберетін. Әр түн сайын екі сағаттан бір-бірімізді бақылайтын кезекке тұрдық. Өзіңді өлтіргің келсе де, олай жасай алмайсың. Себебі бақылау күшті. Біз жылай да алмайтынбыз. Егер жылағанымызды көрсе, басымызда жаман ойлар бар дейтін. Кейде ғимарат сыртынан әйелдердің шыңғырған дауыстарын

еститінбіз. Дәретханаға да бір-бірін бақылау үшін жұптасып баратынбыз. Әсіресе діни тұрғыда дәрет алмасын деп бақылататын. Бір кезде мен жасы үлкен әйелмен дәретханаға барғам. Ол кісі байқамай зәрін аяғына шашыратып алды. Сонысын жуып жатқанын көрген күзетшілер оны дәрет алу деп ойлап, бақыламағаным үшін мені жазалады. 24 сағат бойы қолымды арқама кісендеп қойды. Дәретханаға бару үшін 2 минут қана уақыт берілетіндіктен, тез-тез барып келетінбіз. Уақыттан асып кетсек, электр тоғымен ұратын. Баяу болғаным үшін 5-6 рет электр тоғымен жазаланғам. Бір-бірімізге жақын, туыстас халық болуымыз үшін олар бізге шошқа етін жегізіп, Құран кітаптарды отқа жандыртуға мәжбүрлейтін.

7. Емханаға барған сайын медициналық тексеруден өтетінбіз. Лагерге келгелі 10 күн өткен соң, полиция қызметкері бәрімізді атымызды атап шақырып алды. 10-20-дан топқа бөліп, автобусқа апарды. Бәрімізді әйелдерге арналған емханаға алып барды. Атымызды жазып, саусақ таңбаларымызды да алды. Сосын киімімізді түгел шештірді. Олар ультра дыбыстық сканерлеу мен қан сараптамасы сияқты түрлі сынамаларды жүргізді. Одан соң маған бірнәрсені енгізді. Екпе ме, не екенін білмеймін. Мен қатты қобалжып, тоңып, өзімді жайсыз сезіндім. Тіпті бірнеше сағат өтсе де күйім нашар болды. Олар бізге сынақ жайлы да, оның нәтижесі жайлы да ештеңе айтпай қойды.
8. 2017 жылдың қазан айының басында лагерде адам саны 5 күн бойы тым көп боп кетті. Кісі көп болғаны соншалық, бізге таңғы асқа суға қайнатылған бір жұмыртқа мен ыстық су ғана беретін. Кейде буға пісірілген нан береді. Мұғалімдеріміздің бірі кейбірімізді асханадағы аспаздарға көмектесіп жіберуге шақыратын. Себебі олар көп адамға тамақ даярлап үлгермейтін. Мен көмектесуге ерікті түрде бардым. Ол жерде екі жарым жыл бойы қызмет еткен мұсылман дүнген әйел бар екен. Мен ол әйелмен бірге жуынды-шайындыны төгуге барғанда ол маған «қайнатылған жұмыртқаны жеген сайын көбірек су іш» деді. Себебі тұтқындарға берілмес бұрын, ол жұмыртқаларға екпе секілді бірдеңе салынады екен. Көзіме жас толып, ол кісіге рақмет айттым. Сол 5 күн ішінде сырттағы дәретханаға барып жүрдік. Бір күні сыртқа бара жатқанда үлкен шұңқырларды көрдік. Көкөністерді сақтайтын орынға ұқсайды. Шұңқыр алдында біраз көлік дөңгелектері жатты. Едені цементтен екен. Шұңқырлардың ұзындығы адам бойындай. Мен қасымдағы мұғалімнен бұлар не үшін керек деп сұрағанда, ол «қайтыс болғандардың денелерін осында әкеледі» деді. Шошып, жаман күйге түсіп кеттім. Артынша ол маған «тәртіпке мойынсұн, не айтса да бәрін жаса, сосын мына жерден аман-есен шығып кетуге тырыс» деді.
9. 437 күн бойы төрт түрлі ғимаратта қамауда болдым. 2017 жылдың қарашасында олар мені екінші лагерге апарды. Ол жер жаңадан ашылған емханаға ұқсайды. Бірақ қазір лагерь боп тұр. Қабырғалардың үстінде тікенекті сымдар оратылған. Бұл лагерь Құлжа аймағының Кәсіби Қайта Тәрбиелеу орталықтарының бірі еді. Ол жерде туысқандарымызбен телефонда аптасына бір рет сөйлесуге болады. Айына бір рет жүзбе-жүз кездесіп, тор қабырғаның екі жағында тұрып сөйлесуге

болады. Лагерьде бізге күріш пен іші бос, буға піскен нан беретін. Ешқашан тоймайтынбыз. Қытайлық мейрам кезінде бізді күштеп, доңыз етін жегізді. Қарсы болсаң, кісендеп қамап тастайды. Идеологияң дұрыс емес, қытайлықтармен дос болуың керек дейтін. Мен бір-екі рет жемеймін деп қарсы шыққанда, солай жазалады. Олар сені «жолбарыс орындыққа» кісендеп тастай алады. Сосын «сен неге Коммунистік Партия берген мына тамақты жемейсің?» деп сұрайды. Солай сөгіс жариялайды. Егер қарсы шыға берсең, сені қатаңырақ басқа лагерьге апарып тастайды. Сосын мен қарсы шықпайтын болдым.

10. Мен көбінесе ұйғыр әйелдермен қатар өмір сүрдім. Бұл лагерьде ерлі-зайыптылардың кездесуіне рұқсат берілген. Менің күйеуім Қазақстанда еді. Күйеулері жақын жердегілер айына бір рет 2 сағатқа лагерьде кездесе алатын. Оларға оңаша қалу үшін бөлме даярланған. Күйеулеріне көрпе жастық алып келсін дейтін. Күйеулерін көрмес бұрын, әйелдерге дәрілер берілетін. Олар әр әйелді күйеулерімен кездесуге мәжбүрлейтін. Тіпті кәрі әйелдер де күйеулерімен 2 сағат жатып қайту керек болды. Әйелдерден естуімше, күйеулеріне де кездеспен бұрын біртүрлі сынамалар жасалады екен. Ұрықтарын шприцпен (түтікпен) алып, ауыратындай, су жүрмейтіндей халге жеткізеді екен. Кейде тұрмыс құрмаған, ажырасқан немесе жесір қалған әйелдерді де түнде алып кететін. Оларды төсекке мықтап таңып, зорлайды екен. Қайдан біледі десеңіздер, 2018 жылдың жаңа жылынан сол жылдың маусымына дейін лагерьде тазалық қызметкері болып жұмыс істедім. Мен ерлі зайыптылар кездесетін бөлмені тазалайтынмын. Сол кезде зорлық-зомбылықтың барын білдім. Менің міндеттерім – перденің қасында отырып күту, қызметкер бір әйелді ертіп келгенде сол әйелдің атын қытайша жазу, және саусақ іздерін алу. Әйелдің тек белден жоғарғы киімін шешуге көмектесетінмін. Оның қолдарын кісендейтінмін. Сосын еркек бөлмеге кіреді де, мен есік жаққа барып үндемей күтіп отырамын (**есіктің ішінде ме, сыртында ма?**). Еркек кеткенде әйелді суға түсуге алып барамын. Ештеңе істей алмайтынмын. Мені мәжбүрледі. Егер қарсы болсам, мені бұдан да қатаңырақ лагерьге жібереміз деді. Мені зорлыққа тап болудан құтқарған – менің неке куәлігім. Маған сол бөлмеге кірген әйелдер жақ ашпайтын. Бірақ мен олардың ажырасқан не жесір екенін білетінмін. Себебі менімен бірге тұрған ажырасқан не жесір әйелдер сондайды басынан кешірген еді. Бұл қызметте алты ай істедім. Бір кезде сол бөлмедегі еденді сүртіп жатқанымда бөлмеде бір ер кісі отырды. Мен одан еденді сүрту үшін аяғын қозғауды сұрадым. Бірақ ол маған «Мен бұл жерге келу үшін ақша төледім. Сондықтан аяғымды қозғаймын ба, жоқ па өзім білем» деді. Сол бөлмеге кіргендердің бәрі Хэн (Хань) қытай ұлтының ерлері еді. Олар сол жерде не болып жатқанынан еш ұялмайтын. Тіпті әйелдерге «ешкім көмектеспейтінін, ешкім құтқара алмайтынын» да айтудан тайсалмайтын. Көп жас қыздар жоқ боп кетті. Олар лагерьдегі бөлмелерден шыққан соң, қайта оралмады. Тек басқа әйелдер келіп, орындарын басатын. Бір ресми өкіл не бастық келгенде бәрімізді үлкен бөлмеге жинап алатын. Сол жерде кімнің бар боп, кімнің жоқ боп кеткенін байқауға болатын. Кейбіреулерді сол кеткеннен көрмедік.

11. 2018 жылдың шілдесінде олар мені үшінші лагерьге ауыстырды. Қарапайым мектеп ғимаратын қайта тәрбиелеу лагеріне айналдырыпты. Бұл лагерьде дәретхана болмаған соң, біз шелекті қолдануымызға тура келді. Бұл жерде де тергеп, күйеуіміз, балаларымыз жайлы сұрап тұрады. Кейде 3-4 әйелді бірден алып кетеді, кейін олар қайтып келмейді. Тамыз айында мен төртінші және ең соңғы ғимаратқа бардым. Олар бізді уақыт өте келе босатамыз деп уәде берумен болды. Әрі біз дұрыс жүріп-тұрғанда бір айдың ішінде кәсіп үйреніп шығуға болар еді деді. 2018 жылдың 6 қазанында бірнеше қазақстандық ресми өкіл лагерьге келді. Солардың біреуі жақсы жаңалық барын айтып қалды. Келесі күні мен және тағы 250 әйел босатылды. Соның 150-і қазақ еді. Лагерьдегілер «екі елді достастыра түсуіміз керек. Сендерге жақсы көзқараспен қарайды. Бірақ Қазақстаннан қауіпті ойлар келіп жатыр. Сондықтан лагерь жайлы тек жақсы нәрсе айтыңдар» деді. Бізді қорқытқысы келіп тұрғанын түсіндік. Егер бір адам қайта тәрбиелеуге алынса, артынан басқалары да соған тап болады. Өрмекшінің торы секілді. Бірінен соң бүкіл туысканы лагерьге тап болады.
12. 2018 жылдың 7 қазанында босатылған соң, мені Құлжа елдімекеніне апарды. Сол жерде маған және сол ауылдың басқа әйелдеріне арнайы шара өткізілді. Олар бізге қайта тәрбиелеу лагері жайлы жақсы нәрселер айтқызды. Олар жергілікті тұрғындарға менің «жетістіктерім» жайлы, менің қаншалықты жақсы білімді болғанымды айтты. Соңында, мен әкемнің ауылына бардым. Бірақ сол жерде де менің жеңгемді үкімет маған тыңшы етіп қойыпты. Мен әкемнің үйінде 5 түн болдым. Сосын олар Қазақстаннан болған барлық әйелдерді жинады да, бәріміздің енді зауытта жұмыс істейтінімізді айтты. Содан мен қолғап жасайтын зауытта жұмыс істей бастадым. Бізге бұл өнімдер шекара асып экспортталып, шетелдіктерге сатылатынын айтты. Әрі біраз ақша төленетін. Егер жұмыстан бас тартсаң, қайтадан лагерьге апарып тастар еді. Сон себепті бізде таңдау болмады. Олар осы зауытта бір жыл жұмыс істеуге келісемін деген шартқа менің қолымды қойдырып алды. Мен ол жерде бір жарым ай жұмыс істедім. Өте аз ақша алдым. Жалпы алғанда, 2 мың қолғап жасадым және 220 йүән (юань) (24 фунт стерлинг) таптым. Бір жақсысы қолымда телефоным болды. Күйеуіммен сөйлесе алатын болдым. Бір күні мен зауыттың суретін түсіріп, оған жібердім. Ол оны Серікжан Біләшке көрсетіпті. Ал Серікжан Біләш оны халыққа жариялап жіберген. Сосын мені тергеуге алып кетіп, түні бойы ылғи қоятын сұрақтарын қойды. Кейін босатып жіберді. Менің күйеуімнің туысқандары ісіміз үшін маған да, оған да ашулы болды. Олар күйеуіме «шағымдануды тоқтат, оданда елді мақтап, Партияға рақмет айт» деді. 2019 жылдың қаңтарында мені әкемнің үйіне апарды. Мен оны бұл жолы соңғы рет көріп тұрдым. Себебі халі нашар, әлсіз еді. Полиция менің отбасыма менің лагерь жайлы тіс жармауымды айтыпты. Егер бірдеңе айтсам, әкемді тұтқындаймыз депті. Олар бәріміздің шай ішіп отырған жерімізден фотоға түсіріп алды. Сосын мені қайтадан майордың кеңсесіне апарды да, хат жаздырды. Хатта партияға мені бір жарым жыл бойы қайта тәрбиелегені үшін алғыс айтуым керек

болды. Сосын олар мені шекараға алып келді де, тағы төрт сағат тергеді. Кейін әрең дегенде Қазақстанға өтуіме рұқсат берді.

13. Қазірдің өзінде лагерьдің салдарынан жапа шегіп жүрмін. Ылғи шаршай беремін. Дәрігерлер менің бүйрегімде дерт бар дейді. Менің жолым болған сияқты. Себебі мен зауытта қызмет етіп жүргенде, күйеуім мені босатып алу үшін жұмыс істеп жүргенін мен білмеймін де. Ол Атажұртпен бірге менің Қытайда қамалғаным жайлы видео шығарып, менің жағдайымды жариялап жүріпті.
14. Мен әлдебіреудің дене мүшесінің алынып жатқанын естімеймін. Бірақ менің ұлым 2011 жылдың 11 қарашасында жоғалып кеткен. Біз оны 4 айдан кейін тауып алдық. Оны біреу қытай әйелге сатып жіберіпті. Бір уақытта жоғалған 6 баланың ішінде аман есен табылып, отбасына қайтқан екі баланың бірі сол менің ұлым болды. Қалғандары сол беті табылмады. Құрлықтық Қытайда балалардың дене мүшелерінің сатылатыны жөнінде алып қашпа әңгімелер бар. Баламды тапқаннан кейін бір жыл өткен соң, ол қайтыс болды. Оған да екпелер берді ме екен деген күмән бар. Әйтпесе, дені сау, белсенді бала болған.

Мен куәгер баяндамасын оқып шықтым және түсіндім. Мен оның мазмұнымен келісетінімді растаймын.

Мен бұл баяндаманың Ұйғыр Трибунал вебсайтында жарияланатынын және қоғамға қолжетімді болатынын түсінемін.

Қолы:

Күні: